

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан
тұрғындарына біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК)
онтайландыру» тақырыбындағы Ермаханова Жанар Акбаровнаның
докторлық диссертациялық жұмысына ғылыми көзесшісінің**

ПІКІРІ

Ермаханова Жанар Акбаровнаның ғылыми диссертациялық жұмысы Оңтүстік Қазақстан облысындағы еңбек ету жасынан асқан тұрғындардың арасында аурулардың кездесу жиіліктерін зерттеуге және олардың алдын алу жолдарын шешуге арналған еңбегі өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі. Халықтың қартаю мәселелері қоғамдық назарын өзіне үнемі аударып отырады. Дүниежүзілік тұрғын халықтың құрылымында егде жастағы адамдар үлесінің тұрақты түрде өсуінен, қарттық пен қартаю, қоғамдағы егде және қарт жастағы тұрғындар туралы жаңаша көзқарастар пайда болды. Заман талабына сай адамдар ұзақ және сапалы өмір сүруі қажет. Егде және қарт жастағы адамдарға медициналық және әлеуметтік қызмет көрсетілуімен және психологиялық мәселелерді шешумен қатар, олардың белсенді қартаюын жеңілдету сұраптары, кәсіби және қоғамдық қызметі, қоғам үшін пайдалы еңбекке қатысуы да басты орынға ие. Егде жастағы тұрғындарға біріншілік медициналық-санитарлық көмек көрсетуді жетілдірумен, республикамызда егде жастағылардың денсаулығын қорғайтын медициналық-демографиялық, әлеуметтік-гигиеналық зерттеулер жеткіліксіз.

Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысы мысалында медициналық-демографиялық үрдістер талданып, еңбекке қабілетті жастаң асқан халық денсаулығының аймақтық ерекшеліктері анықталды.

Сонымен қатар, Денсаулық сақтау жүйесінің әлсіз тұстары анықталып, біріншілік медициналық-санитарлық қызметтердің ұйымдастырушылық мәселелері талқыланды. Еңбекке қабілетті жастаң асқан тұрғындардың арасында ең жиі тараған жүрек қан тамыр жүйесі ауруларының біріншілік және екіншілік профилактикасын жетілдіруге бағытталған ұйымдастырушылық іс шаралардың жиынтығы дайындалды. Еңбекке қабілетті жастаң асқан тұрғындарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету ұйымдарын жетілдіру бойынша ғылыми тұрғыдан дәлелденген іс-шаралар кешені әзірленді.

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесінде тұрғындардың жүрек қан тамыр жүйесі ауруларының алғашқы алдын алудың қолжетімділігін арттыруға бейімделген заманауи бағдарламасы бар оқу күралдары тәжірибеге енгізілуге ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда мақалалары жарияланды, отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда мақалалары талапқа сай

жарияланды. Ғылыми жұмыстың нәтижесі бойынша 2 оқу құралы «Біріншілік медициналық санитарлық көмектің дамуының нормативтік құқықтық негіздері» және «Егде және кәрі жастағы тұрғындардың жүрек- қан айналу жүйесі ауруларының біріншілік пен екіншілік профилактикасын жетілдіру және кардиологиялық қызметті қажетті қорлармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру» атты оқу құралдары қазақ тілінде жарық көрді.

Ж.А.Ермахановың ғылыми диссертациялық жұмысы жоғары тәжірибелік маңыздылықта ие, заманауи медицинада қарт тұрғындарға көмекті ұйымдастыру, еңбекке қабілетті жастаң асқан тұрғындар арасында аурушандықпен өлім-жітімді төмендетуге, мүгедек топқа шығуын азайтуға сапалы қартаюға жол ашады.

Ермаханова Жанар Акбаровнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарына біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) онтайландастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы алға қойған мақсаты, міндеттері, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, көлемі бойынша білікті, толық аяқталған ғылыми еңбек болып саналады және диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді.

**Ғылыми кеңесші,
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-түрік университетінің
Шымкент медицина институты
Жоғарғы медициналық білімнен
кейінгі білім беру факультетінің
жалпы дәрігерлік практика №1
кафедрасының м.ғ.д., профессор**

«__» ____ 2020ж.

